

**ЖШС «NURSULTAN 7777»
бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 оқу жылына арналған
жиналысының №3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 03.02.2025 жыл
Қатысқан: 24 педагог

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау
Медбике Қонақбай М.Ж.
2. Мектепалды тобының мектепке дайындығы
Мектепалды топ тәрбиешілері Дүйсембай Г.М., Сәрсенбі А.Қ., Имагамбетова А.Т.
3. МДҰ педагогтерінің 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындысы. Педагогтармен іскерлік ойын.
Әдіскер: Ж.Т.Имамадинова
4. Тәлімгер педагогтардың шеберлік сағаты
Тәлімгер педагогтар Алиева Н.Қ., Муханова Ж.С., Кумисбаева А.А.

Балабақша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж. күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Тәрбиешілердің жұмыстарына баға берілді, дамытушы орталықтар бойынша талқылау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі М.Ж.Қонақбай сөз алды. Балабақша тәрбиеленушілерінің сырқаттануы мен жарақаттануына талдау жасай отыра, балалар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру маңызды екендігін баса айтты. Топ тәрбиешілеріне бала денсаулығын нығайтуға арналған бірнеше профилактикалық кеңес берді.

Екінші мәселе бойынша мектепалды топ тәрбиешілері мектепке дайындығы туралы есеп берді. Мектепке саяхат слайд презентацияны ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша МДҰ педагогтерінің 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындысы. Педагогтармен іскерлік ойын өткізілді.

Төртінші мәселе бойынша тәлімгер педагогтар шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағаты аясында ұйымдастырылған іс-әрекетін балаларға тартымды да, қызықты өткізу үшін бірнеше жаттығулар көрсетті.

Шешімдер:

1. Дамытушы орталықтар толықтырылсын
Мерзімі: үнемі. Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.
2. Семинарға дейін топтарды өте жақсы безендіргендер үшін сыйақы тағайындалсын.
Мерзімі: мамыр айы Жауапты: меңгеруші, әдіскер
3. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарлансын.
Мерзімі: наурыз-сәуір Жауапты: әдіскер, балабақша тәрбиешілері.

Төрайымы: Ж.Т.Имамадинова